

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің экономикалық факультетінің 60 жылдығына арналған «**Жаңа болмыс жағдайында экономика және қоғам**» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, 25 мамыр 2023 жыл, II бөлім= **Материалы** Международной научно-практической конференции «**Экономика и общество в условиях новой реальности**», посвящённой 60-летию экономического факультета Казахского агротехнического исследовательского университета имени С.Сейфуллина, 25 мая 2023 год, II часть = **Materials of the International scientific and practical conference «Economy and Society in a new reality» dedicated to the 60th anniversary of the Faculty of Economics of the S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, May 25, 2023, II part.** – 2023. – Ч.2. – Б.216-219

СОЛТҮСТІК Өңірлердегі Халықтың Репродуктивті Ұстанымдарына Әсер Етуші Факторлар

ӘОЖ 748

Кочигит Ж.

*«Еуразиялық гуманитарлық зерттеулер институты» ЖММ
директоры орынбасары*

Халықтың репродуктивті ұстанымдарына жеке тұлға, сондай-ақ қоғамдық деңгейде көптеген факторлар әсер етуі мүмкін. Академиялық әдебиетте репродуктивті көзқарасқа түрлі жағдайда (контекстте), түрлі деңгейде әсер етуі мүмкін деген бірқатар факторлар аталады. Соның ішінде әлеуметтік-экономикалық факторлар ретінде отбасылық табыс деңгейі, білім және кәсіп репродуктивті көзқарастарға әсер етуші фактор ретінде анықталады. Атап айтқанда жоғары білім мен экономикалық тұрақтылық екінші демографиялық ауысудың алғышарттары ретінде прогрессивті репродуктивті көзқарас пен шағын отбасына алып келеді [1, 2]. Экономикалық-әлеуметтік факторлардың көрсеткіштері ретінде экономикадағы индустрия үлесі, әйелдердің еңбек нарығындағы белсенділігі деңгейі және елдің әлеуметтік саясаты қарастырылады [3]. Экономикалық факторлармен қатар медициналық қызметтердің қол жетімділігі, репродуктивті денсаулық қызметтерінің сапасы, соның ішінде репродуктивті технологияларға қол жеткізу сияқты репродуктивті құқықтарға қатысты заңдар мен саясат репродуктивті ұстанымдарға тікелей әсер ете алады [4-5]. Соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік медиа арқылы таратылатын репродуктивті таңдаудың жағымды немесе жағымсыз бейнесі жеке көзқарас пен шешімнің қалыптасуына, демографиялық саясатты қалыптастыруға ықпал етуші маңызды фактор ретінде қаралады. Жоғарыда аталған факторлар жекеленіп, бір бірімен әрекеттесе отырып немесе әртүрлі элементтердің тіркесі ретінде репродуктивті ұстанымдарға әсер етеді.

Ғалымдардың пайымдауынша мәдени және діни құндылықтар да репродуктивті ұстанымдарды қалыптастыруда аса маңызды рөл атқарады. Мәдени өзгерістер мен құндылықтардың әртүрлі әлеуметтік құбылыстарға,

соның ішінде репродуктивті ұстанымдарға, адамдардың ұрпақ жалғастыруға және отбасын құруға деген көзқарасын қалыптастырудағы әсері туралы ауқымды зерттеулер жүргізілген. Соның ішінде постматериализм теориясы қоғамдағы экономикалық даму мен материалдық әл-ауқаттың өсуі дәстүрлі діни құндылықтардың құлдырауына және материалистік мүдденің (мысалы, экономикалық қауіпсіздіктің) басымдылық алуына әкеледі деп болжайды. Құндылықтардың өзгерісі репродуктивті көзқарасқа әсер етіп, адамдардың отбасын құруды жеке потенциалын жүзеге асыруға кедергі ретінде қарауына, индивидуалистік құндылықтардың басымдылығы мен неке және отбасы мәселелерінің кейінге шегерілуіне әкеледі. Қазақстанда орын алып отырған өңірлік демографиялық диспропорцияны бір жағынан урбанизация мен миграция сияқты әлеуметтік-экономикалық үрдістердің әсері десек, екінші жағынан өңірлер арасындағы мәдени айырмашылықтың бір көрінісі ретінде қарауға болады. Атап айтқанда, дәстүрлі құндылықтары басым Түркістан облысы Қазақстан бойынша жиынтық туу коэффициентінің ең жоғарғы көрсеткішіне ие болып отырса (бір әйел өзінің репродуктивті кезеңінде шамамен 5,1 баланы дүниеге әкеледі), модернистік көзқарасқа жақын Солтүстік Қазақстан (репродуктивті жастағы бір әйелге шаққанда 1,97 бала) мен Қостанай (1,88 бала) облыстары жиынтық туу коэффициентінің ең төменгі көрсеткіштеріне ие. Халық санының өсіміндегі өңірлік айырмашылықты экономикалық факторлар арқылы қарастырсақ, жалпы өңірлік өнім құрылымында аграрлық сектордың үлесі туу деңгейі төмен Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарының экономикасында басым, ал Түркістан облысының экономикасында ауыл шаруашылығының үлесі салыстырмалы түрде аз. Сонымен қатар әйел адамдардың еңбек нарығындағы белсенділігін қарастыратын болсақ, жалпы Қазақстан бойынша бұл көрсеткіш еңбек жасындағы әйелдердің 73% құрайды. Ал Солтүстік Қазақстан (69%), Қостанай (61%) және Түркістан (56%) облыстарында республикалық деңгеймен салыстырғанда бұл көрсеткіш төменірек. Алайда әлеуметтік және демографиялық саясат бүкіл өңірлерде ортақ нормалар арқылы реттеледі, сол себепті бұл өңірлердегі еңбек нарығындағы әйел адамдардың белсенділігінде айтарлықтай айырмашылық жоқ деуге болады.

Демографиялық әдебиетке сәйкес репродуктивті ұстанымға әсер етуші факторлардың бірқатары қоғамда қалыптасқан мәдениет пен құндылықтармен тығыз байланысты. Ғалымдардың пікіріне сәйкес дәстүрлі құндылықтар басым қоғамда ажырасу саны төменірек болса, сәйкесінше модернистік/индивидуалистік құндылықтар басымдық алған пост материалистік қоғамда ажырасу саны көбірек болды. Бұл гипотезаны сынау мақсатында өңірлердегі ажырасу деңгейін салыстырсақ, 2020 жылы Солтүстік Қазақстан облысында тіркелген некелердің 66,10%, Қостанай облысында 56% ажырасқан болса, Түркістан обласында 19,74% ажырасқан. Ажырасу құбылысын қоғамдағы құндылықтардың прокси индикаторы ретінде қарайтын болсақ, оңтүстіктегі ажырасу деңгейінің шамамен 2,5-3 есе төмен болуы, сол өңірдегі дәстүрлі құндылықтардың басымдылығын

аңғартады. Сәйкесінше, экономикалық және әлеуметтік факторлардың көрсеткіштері өңірлер арасында шамамен біркелкі болғанымен, дәстүрлі құндылықтары басым өңірде туу деңгейі де жоғары болады деген тұжырымға келеміз. Олай болған жағдайда, қарастырылып отырған өңірлердің контексінде құндылықтар факторы әлеуметтік-экономикалық факторлармен салыстырғанда әлдеқайда басымдырақ деп айтуға болады. Алайда, құндылық пен мәдени факторлардың туу деңгейіне әсерін, соның ішінде әсер ету бағытын, салмағын, сондай-ақ статистикалық маңыздылығын анықтау үшін басқа да әсер етуі ықтимал факторларды бақылауға ала отырып, ауқымды эконометриялық анализ жүргізу қажет. Мәдени фактордың статистикалық маңыздылығы анықталған жағдайда, Солтүстік және Қостанай облыстарындағы халықтың табиғи өсімін қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан бұл өңірлерге тікелей бағытталған қосымша ынталандыру шаралары қарастырылуы қажет. Ол шаралардың саяси әсері мен қабылдануы, сондай-ақ, іске асырудағы әкімшілік және басқа да кедергілер жан-жақты ескерілуі тиіс. Сонымен қатар, оңтүстік өңірлерден солтүстік өңірлерге жұмыс күшін көшіру бағдарламасы өзінің мақсатты нәтижесіне жете алмағанын ескере отырып, бұл өңірлердегі депопуляция мәселесін тек миграция арқылы емес, сонымен қатар табиғи өсімді ынталандыру арқылы шешу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Lesthaeghe R. The unfolding story of the second demographic transition //Population and development review. – 2010. – Т. 36. – №. 2. – С. 211-251. [electronic resource]: URL: <https://doi.org/10.1111/j.1728-4457.2010.00328.x> - Access date: 14.05.2023
2. Ajzen I., Fishbein M. Attitudes and the attitude-behavior relation: Reasoned and automatic processes //European review of social psychology. – 2000. – Т. 11. – №. 1. – С. 1-33. [electronic resource]: - URL: <https://doi.org/10.1080/14792779943000116> - Access date: 14.05.2023
3. Da Rocha J. M., Fuster L. Why are fertility rates and female employment ratios positively correlated across OECD countries? //International Economic Review. – 2006. – Т. 47. – №. 4. – С. 1187-1222. [electronic resource]: -URL: <https://doi.org/10.1111/j.1468-2354.2006.00410.x> - Access date: 16.05.2023
4. Grant J. et al. Trends in European fertility: should Europe try to increase its fertility rate... or just manage the consequences? 1 //International journal of andrology. – 2006. – Т. 29. – №. 1. – С. 17-24. [electronic resource]: - URL: <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/pdf/10.1111/j.1365-2605.2005.00634.x>